

С.И. Копжасарова*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: sagingul_777@mail.ru)

Оңалту және банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздері

Зерттеудің мақсаты оңалту және банкроттықтағы мәмілелерді жарамсыз деп тану негіздерінің ішіндегі объективті және субъективті күдікті мәмілелерді жан-жақты талдау, тарихи аспектісін қарастыру, отандық заңнамадағы олқылықтарға тоқталу, шетел заңнамасымен салыстырмалы талдау жасау. Зерттеудің әдістемелік негізін формальды-логикалық, ғылыми талдау және синтез, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық тәрізді жалпы және жеке әдістер құрайды. Зерттеу нәтижесінде банкроттықтағы мәмілені даулаудың тарихи аспектісі, яғни Ежелгі Рим құқығының «Actio Pauliana» — Паулдық талап, «Laesio enormis» институттары қарастырылды. ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларының нормаларына құқықтық талдау жасалып, «айтарлықтай нашар жағғына қарай өзгеше болуы» түсінігіне қатысты пікірлерге қатысты автордың өз тұжырымы берілген. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының банкроттық заңнамасына салыстырмалы талдау жасала отырып, объективті және субъективті күдікті мәмілелердің ерекшеліктері қарастырылып, сот тәжірибесінен мысал келтірілді. Банкроттықтағы мәмілелерді жарамсыз деп танудағы объективті және субъективті теорияларды пайдалануға қатысты әртүрлі көзқарастар талқыланды. Қорытындысында бірінші сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының банкроттық заңнамасындағы кейбір түсініктер нақтылануы қажет деген ұсыныстар жасалды.

Кілт сөздер: мәмілені даулау, жарамсыз мәміле, Паулдық талап, тең емес қарсы орындаушылық, күдікті мәміле, объективті теория, субъективті теория, мәміле бағасы, мүлктік масса.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы әлемдегі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы банкроттықтың санының артуына ықпал етті. Банкроттық туралы заңнама негізінен борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және барлық кредиторлардың талаптарын әділ және заңға сәйкес қанағаттандыруға бағытталған. Алайда, жосықсыз борышкердің өзінің иелігіндегі мүлкін таныс тұлғалардың пайдасына иеліктен шығаруы арқылы әртүрлі тәсілдермен несие берушілердің алдындағы қарыздарын төлеуден жалтару жағдайлары қазіргі кезде жиі кездеседі. Осы ретте борышкердің мәмілелерін даулау институты иеліктен шығарылған мүлкті қайтару арқылы мүлктік массаны толықтыруға және кредиторлардың мүдделерін тең және әділ қорғауға бағытталған тиімді құқықтық құралдардың бірі. Яғни, банкроттықтағы борышкердің мәмілелерін даулаудың мақсаты кредиторлармен есеп айырысуы үшін борышкердің мүлкін немесе қаржы ресурстарын банкроттық массасына қайтару болып табылады.

Оңалту және банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілелерін даулау мәселесін зерттеу отандық ғылыми доктрина, құқық қолдану тәжірибесі және еліміздің экономикалық дамуы үшін үлкен маңызға ие. Аталған мәселеге қатысты заңнаманы жетілдіру қажеттілігі осы саладағы теориялық зерттеулердің жеткіліксіз деңгейімен байланысты. Азаматтық құқықта жалпы мәмілелердің жарамсыздық институты жан-жақты талқыланып, зерттелгенімен оңалту және банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілелерінің жарамсыздығы мәселесі елімізде теориялық тұрғыдан жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Сонымен қатар борышкердің мәмілелерін даулау бойынша тұрақты сот тәжірибесінің болмауы зерттеу тақырыбының өзектілігін арттырады. Бұл бір құқық нормасының әртүрлі түсіндірілуін тудырып, ол өз кезегінде мағынасы бойынша біркелкі емес сот актілерінің пайда болуына себеп болады. Сондықтан тәжірибе қызметкерлеріне де, бірінші сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында банкроттық рәсіміндегі мәмілелерді даулау механизмін жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sagingul_777@mail.ru

Сондай-ақ, мәмілені жарамсыз деп танудың және оның жарамсыздығының салдарын борышкердің адал контрагенттері үшін қолданудың салдары туралы маңызды мәселе туындайды. Өйткені, банкроттық рәсімдерін жүргізу барысында борышкердің алдағы банкроттығы туралы ештеңе білмейтін адал контрагентпен жасалған мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін. Мұның барлығы шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы байланыстың құрылуына, өзгеруіне және тоқтатылуына және ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптардың қалыптасуына әкеледі. Аталған мәселелер банкроттық рәсімдерінде борышкердің мәмілелеріне дау айтуды құқықтық реттеу аспектілеріне, олардың мәмілелерді жарамсыз деп танудың жалпы азаматтық нормаларымен арақатынасына және мұндай мәмілелердің жарамсыздығының салдарын қолдануға кешенді зерттеу жүргізуді қажет етеді. Жоғарыда айтылған мәселелер осы зерттеу тақырыбының өзектілігін және оны жан-жақты қарастыру қажеттілігін айқындайды. Сонымен қатар аталған тақырыпты зерттеу қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тиімділігін күшейтуге, заңдылықты нығайтуға ықпал етеді.

Ғылыми мақаланың мақсаты — оңалту және банкроттық рәсіміндегі мәмілелерді жарамсыз деп тану негіздерінің ішіндегі күдікті мәмілелердің түрлерін қарастыру, кешенді талдау, отандық заңнамадағы олқылықтарға тоқталу, шетел заңнамасына салыстырмалы талдау жасау болып табылады.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің әдіснамалық негізін жекелеген құқықтық құбылыстарды тануға ықпал ететін материалистік диалектиканың заңдары мен категориялары, әлеуметтік құбылыстар мен процестерді білудің жалпы ғылыми әдістері, ғылыми талдау және синтез әдістері құрайды. Формальды құқықтық әдісті қолдана отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы банкроттық туралы заңнамасының нормаларына талдау жасалды. Салыстырмалы-құқықтық әдісті қолдана отырып, банкроттықтағы борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздерінің шет мемлекеттерде қолданылуына талдау жасалып, олардың құқықтық реттелуіне зерттеу жүргізілді. Тарихи-құқықтық әдіс арқылы ежелгі Рим құқығынан бастау алатын субъективті күдікті мәмілелердің пайда болу тарихы қарастырылды.

Зерттеудің теориялық негізіне М.В. Телюкина, Д.А. Рыков, Т.П. Шишмарева, О.В. Сушкова тәрізді Ресей Федерациясы ғалымдарының еңбектері алынды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының тиісті нормалары талданды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Құқық доктринасында борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздеріне байланысты екі түрлі көзқарасты бөліп көрсетеді: субъективті және объективті. Субъективтік тәсілде тек жосықсыз борышкер жасаған және кредиторларға зиян келтіруге бағытталған мәміле ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін делінеді. Объективті теория, керісінше, мәмілеге қатысушылардың жосықсыз ниетін және олардың ерік-жігерінің несие берушілерге зиян келтіруге бағытталғанын дәлелдеуді талап етпейді. Объективті көзқарастың негізгі міндеті — мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тануға мүмкіндік беретін заңда көзделген қатаң белгіленген шарттардың бар екендігін дәлелдеу [1; 49].

Субъективті теорияға сәйкес тараптардың күдікті мәміле жасасу ниеті, борышкердің кредиторларға мүліктік зиян келтіру мақсатының болуы, борышкердің контрагентінің оның мақсаты туралы хабарлар болуы тәрізді субъективті факторлар болған кезде мәмілелер жарамсыз деп танылады. Басқаша айтқанда, даулы мәмілені жосықсыз борышкер жасауы керек және мұны білетін екінші тарап осы мәміленің қандай зиянды салдарға әкелетінін де білетіндіктен, осының негізінде арам ниетті деп танылуы мүмкін [2; 192].

Субъективті теорияға сәйкес мәмілелерді даулаудың құқықтық негізі Рим құқығында қаланды: борышкердің заңсыз әрекеттеріне қарсы несие берушілердің құқықтарын қорғаудың арнайы құралы ретінде сотқа беру мүмкіндігі қарастырылған.

Бастапқыда борышкердің қатаң жеке жауапкершілігін белгілеген Рим құқығы бірте-бірте дәрменсіз борышкердің жағдайын жақсартты — борышкердің жеке жауапкершілігіне шектеулер енгізілді. Осы өзгерістермен кредиторлардың құқықтарын қорғаудың әлсіреуінің орнын толтыру үшін классик Юлий Павелдің атымен аталған Actio Pauliana деп аталатын заң енгізілді. Яғни, Actio Pauliana — Паулдық талабы бойынша борышкерге шығын келтіру мақсатын көздеген тараптардың

мәмілелері жарамсыз деп танылуы мүмкін болды. Сонымен қатар екі тарапта да сондай ниеттің болғандығын дәлелдеу қажет болды (*consilium fraudandi*) [3; 23].

Е. Годэмэ Паулдық талаптың пайда болу тарихына сілтеме жасай отырып, бұл жиырма ғасырлық институттың сақталуын қызықты жағдай деп жазды [4].

М.В. Телюкина Паулдық талапқа (*Actio Pauliana*) мынандай түсінік берген болатын «бұл борышкердің банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін немесе одан кейін бірден жасалған мәмілелеріне шағымдану механизмі» [5; 334-339].

Ежелгі Римде пайда болған Паулдық талап, өзгертілген түрде болса да, қазіргі заманғы көптеген елдердің заңнамасында орын алып, кенінен қолданылуы, несие берушілердің мүдделерін қорғаудың тиімді құралы ретіндегі рөлін дәлелдейді және борышкердің заңсыз әрекеттеріне қарсы негізгі қорғаныс құралы болып табылады.

Сонымен, қазіргі кездегі банкроттық туралы заңнама Рим құқығында қалыптасқан ұғымдар мен институттарға негізделген. Бірқатар елдердің банкроттық туралы заңнамасы борышкердің басқа несие берушілерге зиян келтіру мақсатында жасаған әрекеттеріне дау айту мүмкіндігін қарастырады.

Рим құқығын қабылдау ағылшын-саксондық және роман-германдық құқықтық отбасының көптеген елдері үшін банкроттықтағы мәмілелерді даулау институтын құрудың тәсілі болды [6; 232].

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық заңнамасында борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздеріне жоғарыда атап өткен объективті және субъективті теориялардың екеуі де қолданылады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде банкроттық заңнамасы бірнеше рет жетілдірілді. Қазақстан Республикасындағы 1992 жылғы 14 қаңтардағы «Банкроттық туралы» алғашқы Заңында борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану институты мүлдем болмады. Банкроттық туралы алғашқы заң үш жыл бойы қолданыста болды және Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі «Банкроттық туралы» заң күші бар Жарлығының қабылдануына байланысты жойылды. Кейін 1997 жылы 21 қаңтарда «Банкроттық туралы» заң қабылданды. 1997 жылғы заң алғаш рет борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану жағдайларын қарастырды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 2014 жылғы 7 наурызда қабылданған «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы қолданыста. Сонымен қатар 2022 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңы қабылданып күшіне енді.

Қазақстан Республикасында мәмілелерді жарамсыз деп тану жалпы негізде азаматтық құқық заңнамасына сәйкес және арнайы негізде оңалту және банкроттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы негіздер Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңында қарастырылған (әрі қарай — ҚР «Банкроттық туралы» Заңы). Аталған Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес мәмілелер, егер оларды борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы заңда көзделген негіздер болған кезде оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасасқан болса, жарамсыз деп танылады.

Осы Заңның 7-бабының 2-тармағында мәмілені жарамсыз деп тану негіздері қарастырылған:

1) жасалған мәміле бағасының және (немесе) өзге де жағдайлардың, салыстырмалы мән-жайларда ұқсас мәмілелер жасалатын кездегі бағадан және (немесе) өзге де жағдайлардан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы;

2) мәміленің борышкердің Қазақстан Республикасының заңдарымен, құрылтай құжаттарымен шектелген қызметіне сәйкес келмеуі не жарғыда айқындалған құзырет бұзылып жасалуы;

3) мүлктің өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас немесе біртекті тауар бағасынан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болатын бағамен не беру үшін негіздер болмай, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып берілуі;

4) егер оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін алты ай ішінде жасалған мәміле белгілі бір кредиторлардың талаптарын басқаларының алдында артықшылықпен қанағаттандыруға алып келсе;

5) борышкердің мүлкін сыйға тарту шарттары, егер мұндай мәміле оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін бір жыл бұрын жасалған мәмілелерден айтарлықтай өзгеше болса;

6) осындай мәміле бойынша тиісті құқықтық салдарлар туғызу ниетінсіз, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жасалса [7].

Арнайы негіздер бойынша даулануға жататын мәмілелерді шартты түрде екі санатқа бөліп қарастырады — күдікті мәмілелер және артықшылықты мәмілелер. Ресей Федерациясының заңнамасында бұлай жіктеу заң жүзінде бекітілген. Ресей Федерациясының 2002 жылғы 26 қазандағы «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» Федералдық заңының 61.2-бабы «Борышкердің күдікті мәмілелерін даулау» деп аталады.

Ал Қазақстан Республикасының заңнамасында мәмілелерді күдікті және артықшылықты деп ресми жіктеу қарастырылмаған. Алайда заң нормаларының мағынасынан күдікті мәмілелердің отандық заңнамада да бар екендігі анық. Аталған ғылыми мақалада күдікті мәмілелерге тоқталып, талдау жүргізіледі.

М.В. Телюкина өз зерттеуінде күдікті мәмілелердің өзін екі топқа бөліп қарастырады — объективті күдікті және субъективті күдікті мәмілелер [8]. Объективті күдікті мәміле — екінші тараптың міндеттемелерді өзара тең емес орындауымен жасалған мәміле. Бұған қатысты Ресей Федерациясының 2002 жылғы 26 қазандағы «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» Федералдық заңының 61.2-бабының 1-тармағында былай делінеді: «егер мәміленің екінші тарапы міндеттемелерді тең емес қарсы орындаса, оның ішінде осы мәміленің бағасы және (немесе) басқа да шарттары борышкер үшін салыстырмалы мән-жайларда (күдікті мәміледе) ұқсас мәмілелер жасалатын бағадан және (немесе) басқа шарттардан елеулі түрде нашар жағына қарай өзгеше болса» мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін [9]. Сонымен қатар аталған бапта бірден «тең емес қарсы орындаудың» түсінігі беріледі: «егер борышкер берген мүліктің немесе ол жүзеге асырған міндеттемелерді өзге де орындаудың нарықтық құны міндеттемелерді осындай қарсы орындаудың шарттары мен мән-жайларын ескере отырып айқындалған міндеттемелерді алынған қарсы орындаудың құнынан едәуір асып кетсе, атап айтқанда, мүлікті кез келген беру немесе міндеттемелерді өзге де орындау міндеттемелерді тең емес қарсы орындаушылық деп танылатын болады».

Ресей Федерациясы Пленумының 23.12.2010 ж. № 63 «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» Федералдық заңының III.1 тарауын қолдануға байланысты кейбір мәселелер туралы» Қаулысында «Мәміле шарттарын ұқсас мәмілелермен салыстыру кезінде борышкер жасаған ұқсас мәмілелердің шарттарын да, осындай мәмілелерді айналымның өзге қатысушылары жасаған шарттарды да ескеру қажет» делінген [10].

М.В. Телюкина Қазақстан мен Ресейдің банкроттықтағы мәмілені даулау негіздеріне салыстырмалы талдау жасай отырып ҚР «Банкроттық туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағының 1-ші, 2-ші және 5-ші тармақшаларындағы негіздерді объективті күдікті мәмілелерге жатқызады [8]. Солардың ішінен 7-баптың 2-тармағының 1-тармақшасын қарастырып өтейік. Оған сәйкес «жасалған мәміле бағасының және (немесе) өзге де жағдайлардың, салыстырмалы мән-жайларда ұқсас мәмілелер жасалатын кездегі бағадан және (немесе) өзге де жағдайлардан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы» мәмілені жарамсыз деп тану негізі болып табылады. Бұл жердегі «айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы» түсінігі елімізде заң жүзінде нақтыланбаған.

Т.П. Шишмарева тең емес қарсы орындаудағы «елеулі» (существенное) түсінігі және оның мөлшері заңда белгіленбеген және сот тәжірибесінде бұл белгі туралы біржақты түсінік жоқ екендігін атап өте отырып, доктринада да борышкер үшін мәміленің «айтарлықтай нашар» шарттарының критерийлері туралы бірыңғай түсінік қалыптаспағанын айтады [11].

Жалпы тең емес қарсы орындаушылықты көздейтін мәмілені даулау мүмкіндігі Рим Заңында пайда болған және орта ғасырларда белсенді дамыған *laesio enormis* доктринасынан бастау алады, бұл доктрина орташа нарықтық бағадан екі немесе одан да көп есе бағаның ауытқуына байланысты мәмілелерді даулауға мүмкіндік берген [12].

Laesio enormis институтының мағынасына сәйкес, егер оның бағасы басқа біреу бере алатын бағадан екі есе немесе одан да көп болса, мәміле әрқашан кіріптарлық (тең емес) болып табылады деп есептеледі және бұл жаңашылықты Юстиниан енгізген деп жазады [1; 68]. «Юстиниан дәуірінде мұндай ереженің енгізілуі сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен түсіндіріледі: Юстинианның салық саясаты ұсақ помещиктерді өз мүліктерін олардың нақты құнынан әлдеқайда төмен бағаға сатуға мәжбүр етті, ал бұл өз алдына ірі капитал өкілдерінің кейбір теріс қылықтарына қолайлы жағдай туғызды» [13].

Laesio enormis институтын қолданыстағы заңға енгізуге болады деген пікірмен Д.А. Рыков заңға «әдеттегі нарықтық жеңілдік» терминін енгізу қажет деген ұсыныс айтады. Яғни, «әдеттегі нарықтық жеңілдік» — бұл борышкер үшін әдеттегіден 20 пайыздан төменге қарай ерекшеленетін шарттар

(борышкердің мүлкінің, жұмысының, қызметтерінің немесе өзге де қамтамасыз етудің құны, қамтамасыз ету сомасы және т.б.) транзакциялар. Бұл тұжырымның практикалық маңыздылығы борышкердің «әдеттегі нарықтық жеңілдік» шеңберінде жасалған мәмілелері, яғни бағасы нарықтық бағадан (20 пайыздан аспайтын) сәл ерекшеленетін мәмілелер жарамсыз деп танылмайды [1; 69].

Т.П. Шишмарева Д.А. Рыковтың ұсынған «әдеттегі нарықтық жеңілдік» тұжырымдамасы соттар сәл ауытқумен мәмілені жарамсыз деп танудан бас тартқан кезде қалыптасқан төрелік сот тәжірибесіне әбден сәйкес келетіндігін айтады [11; 455].

Алайда кейбір көзқарастарға сәйкес тең емес қарсы орындаушылықта «елеуліліктің» бірыңғай әмбебап критерийі болуы мүмкін емес. Мәселен, пайдаланылған автокөлікті сату кезінде және биржалық бағасы бар тауар үшін бірдей критерий орнату дұрыс емес делінеді. «Елеулі» ауытқу критерийі тиісті тауар нарығының сипатын, ықтимал сату жылдамдығын, сатудың әдеттегі шығындарын ескере отырып, әзірленуі керек, бірақ ықтимал қателерді болдырмау және тауар айналымына теріс әсер етпеу үшін кез келген жағдайда, «елеулілік» шекарасы қажет және ол 30 % болуы тиіс делінеді [14].

Тең емес қарсы орындаушылықтың эквивалентін анықтау үшін тауардың нарықтық құнын белгілеп қана қоймай, мәмілені жасасудың ұқсас жағдайлары мен шарттарын ескере отырып, осындай құнды анықтау қажет, сонымен қатар мұндай баға ұқсас мәмілелердің нарықтық бағасынан жай ғана емес айтарлықтай өзгеше болуы керек, яғни мүліктің нарықтық құны мен шарт бағасы арасындағы айырмашылық борышкердің жағдайын айтарлықтай нашарлататындай елеулі болуы керек [15; 106].

Сонымен, бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында «айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы» түсінігі нақтылануы қажет деп ойлаймыз. Бұл критерийдің нақты және айқын шекаралары болмаған жағдайда, бағасы нарықтық бағадан айтарлықтай ерекшеленбейтін, қалыпты мәмілелерді жарамсыз деп тану ықтималдығы жоғары болады. Кәдімгі мәмілелердің едәуір көлемі банкроттық дау-дамайдың тәуекел саласына түсуі мүмкін болғандықтан ол өз алдына азаматтық айналымға да теріс әсер ететіні анық. Мүліктің нарықтық құны мен шарт бағасы арасындағы айырмашылық белгілі бір проценттік эквивалентпен заңнамада бекітілуі тиіс деген пікірді қолдаймыз.

Жоғарыда қарастырған негіз бойынша мәмілені жарамсыз деп тануға болатын ең маңызды критерий — мәміленің бағасы. Яғни, мәміле бойынша берілетін мүліктің немесе міндеттемелердің бағасы ұқсас мәмілелер бойынша нарықтық бағадан едәуір төмен болуы тиіс.

Нарықтық баға — бұл бәрін ескеретін нәрсе: сұраныс, ұсыныс, мәміленің стандартты еместігі. Сонымен қатар, активтердің нарықтық экспозициясы бар, кейде компанияларды екі есе арзан бағаға тура сол уақытта сату тиімдірек болуы мүмкін [16].

И. Жарский мұндай күдікті мәмілелерді жарамсыз деп тану үшін бағаның нарықтық бағадан ауытқуы «елеулі» екендігін анықтауда бағалаушы мен сарапшылардың рөлі зор екендігін айтады және ол тек нарықтық баға туралы ғана емес мәміле бағасынан «елеулі» ауытқуы орын алды ма, алған жоқ па соны да анықтау керек дейді. Сонымен қатар, нарықтық бағаны бағалау кезінде бағалаушы бір ғана сан келтірмей, нарықтық баға болатын белгілі бір интервалды бергені дұрыс дейді [16].

Еліміздегі сот шешімдеріне талдау жасай отырып, ҚР «Банкроттық туралы» Заңының 7-бабының 2-т. 1-т. сәйкес борышкердің мәмілесін жарамсыз деп тану кезінде бірыңғай қалыптасқан сот тәжірибесінің жоқ екендігін байқауға болады. Кейбір істерде судьялар борышкердің иеліктен айырған мүлкінің орташа нарықтың құнын анықтау үшін арнайы мамандардың сараптама қорытындыларын ескеріп, солардың негізінде ғана мәмілені жарамсыз деп таныған болса, кейбір істерде судьялар арнайы сараптамасыз, тараптар ұсынған «Колеса» қосымшасындағы орташа нарықтық бағаны ескере отырып талапты қанағаттандырған жағдайлар да кездеседі. Сараптама тағайындау міндеттілігі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысында, сонымен қатар 2015 жылғы 2 қазанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» № 5 нормативтік қаулысында да айтылмаған.

Сонымен қатар ҚР «Банкроттық туралы» Заңының 7-бабының 2-т. 1-т. нормасының мазмұны бойынша мәмілені жарамсыз деп тану үшін жоғарыда қарастырып өткен объективті теория бойынша мәміленің жасалған мерзімі, бағасы тәрізді мән-жайлардың басшылыққа алынатынын атап өткен жөн. Ал, субъективті жағдайлар, яғни шарттың мақсаты, қарсы тараптың борышкердің қаржылық жағдайы

туралы білгендігі не білмегендігінің құқықтық маңызы болмайды. Алайда тең емес негіздегі қарсы орындаушылықта да борышкердің іс-әрекетінде жосықсыздық байқалады, өйткені ол белгілі бір қолайсыз шарттармен мүлікті иелігінен шығарады, осылайша біле тұра несие берушілерге зиян келтіреді [11; 423].

Объективті теорияны қолдану сот билігінен мұқияттылықты талап етеді, өйткені бұл теория кредиторлардың құқықтарын қорғайтыны сөзсіз, бірақ борышкермен мәміле жасаған адал иеленушілердің құқықтарын бұзуы мүмкін. Сонымен қатар бірқатар ғалымдар объективті көзқарасты түбегейлі әділетсіздік деп санайды. Себебі, адал алушыдан оның арзан бағаға сатып алған затын тартып алу немесе ақшалай қайтару мүмкін болмағанда ақшалай өтемін төлеуін талап ету әділетсіздік деп есептейді [17; 217].

Ал ресейлік заңгер И. Стасюк, мәмілені даулаудағы объективті көзқарастың идеясы тараптарды жосықсыз ниеті үшін жазалау емес, барлық кредиторларды тең дәрежеге қою, яғни барлығының құқықтары мен мүдделерін тең қорғау болып табылады деп жазады. Мәселен, бағасы нарықтық бағадан айтарлықтай ауытқуы бар зат сатылған жағдайда, оның сатып алған затын контрагенттен тартып алудың қажеті жоқ, тек сатып алған тарап жетпейтін сома мөлшерінде қосымша төлем жасау керек деген пікір айтқан болатын [18].

Сот тәжірибесінен мысал қарастырып өтетін болсақ, «Таурус 13» ЖШС 05.11.2018 жылы соттың шешімімен банкрот деп жарияланады. Банкроттық басқарушы «Таурус 13» ЖШС мен Е.А. Туменов арасында 06.01.2017 жылы жасалған TOYOTA HILUX маркалы автокөлігін сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыз берген. Талапкер «Таурус 13» ЖШС-нің иелігіндегі автокөлікті Е.А. Туменовке 500 000 теңгеге, яғни нарықтық құнынан төмен бағаға, айтарлықтай нашар жағына қарай өзгешелікпен сатылғанын негіздейді. Бірінші сатыдағы сот келесі негіздер бойынша талап арызды қанағаттандырудан бас тартады: 1) талапкердің өкілі мәміленің басқа қатысушысы — Е.А. Туменов борышкердің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемені орындаудан жалтару ниеті туралы білгені немесе білуі керек екендігі туралы ешқандай дәлел келтірмеген. Е.А. Туменовтың «Таурус 13» ЖШС қызметкері екендігі туралы дәлелдері бұл жағдайды растай алмайды; 2) аталған автокөлік Е.А. Туменовке жалақы бойынша берешегі есебінен берілген; 3) талапкер мәміленің бағасы борышкердің жағдайын едәуір нашарлататынын растайтын дәлелдемелер ұсынбаған, атап айтқанда, бухгалтерлік баланс немесе нарықтық құн деректеріне сәйкес көлік құралының нақты құны туралы дәлелдемелер ұсынбаған. Батыс Қазақстан облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертіп, «Таурус 13» ЖШС мен жауапкер Е.А. Туменов арасындағы сатып алу-сату шартын жарамсыз деп таниды. «ЭКСПЕРТ» Мүлікті бағалау орталығы» ЖШС ақпараттық-талдамалық есебіне сәйкес автомобильдің орташа нарықтық құны 24.07.2019 ж. 5 500 000 теңгені құраған. Яғни, ондай автокөлікті 500 000 теңгеге сату күдік тударатыны және кредиторлардың мүддесіне зиян келтіргені айқын екендігін атап өтеді. Сонымен қатар Е.А. Туменов «Таурус 13» ЖШС еңбек қатынастарында болу фактісі дәлелденгендіктен, қызметкерінің сол ЖШС-де болып жатқан ауыр материалдық жағдайы туралы білмеуі мүмкін емес делінеді. Сондықтан апелляциялық сот ҚР Азаматтық Кодексінің 158-бабының 3-тармағы және ҚР «Банкроттық туралы» Заңының 7-бабының 1), 3) тармақтарының негізінде бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертіп мәмілені жарамсыз деп таниды [19].

Яғни, бұдан байқайтынымыз апелляциялық сот мәмілені жарамсыз деп танудың жалпы (ҚР Азаматтық кодексі) және арнайы негіздерін (ҚР «Банкроттық туралы» Заңы) қолданып, борышкермен шарт жасаған контрагентінің ниетіне мән берген, яғни субъективті теорияның негізінде мәмілені жарамсыз деп таниды. ҚР «Банкроттық туралы» Заңның жоғарыда қарастырып өткен 7-бабының 1-тармағы бойынша ғана саралайтын болса, контрагентте теріс пиғылды ниеттің болғандығын дәлелдеу міндетті емес. Сонымен қатар автокөліктің сараптама көрсеткен құнынан шамамен 10 есе төмен бағаға сатылғандығы фактісінің өзі мәмілені жарамсыз деп тануға жеткілікті негіз болар еді, яғни тек объективті теорияның негізінде.

Күдікті мәміленің екінші түрі ретінде — субъективті күдікті мәміле қарастырылады. Яғни, борышкердің несие берушілерге зиян келтіру ниетін көрсететін мәміле. Объективті күдікті мәміледе мәміле бағасының ұқсас мәміле құнынан едәуір ауытқу фактісінің өзі мәмілені жарамсыз деп тануға жеткілікті болса, субъективті күдікті мәміледе кредиторға нұқсан келтіруге бағытталған қасақана ниеттің болуы міндетті болып табылады.

Мұндай мәмілелердің жарамсыздығын реттеу жоғарыда тоқталып өткен Рим құқығынан *Actio Pauliana* — Паулдық талаптан бастау алған. М.В. Телюкина ҚР «Банкроттық туралы» Заңының 7-

бабының 2-т. 3-т. субъективті күдікті мәмілеге жатқызады: «мүліктің өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас немесе біртекті тауар бағасынан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болатын бағамен не беру үшін негіздер болмай, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып берілуі». Осылайша объективті және субъективті факторлардың жиынтығын байқауға болады. Бағаның параметрлері және мүлікті беру негіздері объективті фактор болса, мүлікті берудің несие берушілерге зиян келтіруге бағытталуын субъективтіге жатқызады [5].

К.Б. Кораев даудың ең маңызды аспектісі объективті немесе субъективті факторларды ескеру деп санайды. Осы екі тәсілдің арасындағы айырмашылықтар мәмілелерді жарамсыз деп тану ықтималдығына байланысты қарастырылады: «объективті теорияны қолдану мәмілелердің жарамсыз сипатын дәлелдеу процесін жеңілдетеді. Бұл мәмілені жарамсыз деп тану мүмкіндігін арттырады. Субъективті тәсіл, керісінше, мәміленің даулы сипатын дәлелдеу процесін қиындатады және соттың мәмілені жарамсыз деп тану ықтималдығын төмендетеді». К.Б. Кораев борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп танудың оңтайлы негізі объективті және субъективті тәсілдің үйлесімі екенін айтады [20; 72-73].

Ресей Федерациясының «Банкроттық туралы» Заңының 61.1-б. 2-т сәйкес «егер мұндай мәміле борышкерді банкрот деп тану туралы өтініш қабылданғанға дейін немесе көрсетілген өтініш қабылданғаннан кейін үш жыл ішінде жасалса және оны жасау нәтижесінде кредиторлардың мүліктік құқықтарына зиян келтірілсе сот мәмілені жарамсыз деп тануы мүмкін». Сонымен қатар Ресей Федерациясы Жоғарғы Төрелік сотының Пленумының қаулысында заңның сол тармағына қатысты келесідей түсіндірме беріледі: егер кредиторлардың мүліктік құқықтарына зиян келтіру мақсатында борышкер жасаған мәмілені жарамсыз деп тану мүмкіндігін көздейтін дәлелдемелер қарастырылса, онда мәмілеге дауласушы тұлға келесі мән-жайлардың барлығының жиынтығының бар екендігін дәлелдеу қажет:

- мәміле кредиторлардың мүліктік құқықтарына зиян келтіру мақсатында жасалуы;
- мәміле нәтижесінде кредиторлардың мүліктік құқықтарына зиян келтірілуі;
- мәміленің екінші тарапы борышкердің көрсетілген мақсаты туралы мәміле жасау кезінде білген немесе білуге тиіс болуы.

Егер осы мән-жайлардың ең болмағанда біреуі дәлелденбесе, сот осы шарт бойынша мәмілені жарамсыз деп танудан бас тартуға міндеттеледі [10].

Отандық заңнамада кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіруде контрагенттің зиян келтіру ниеті болуы керек пе әлде борышкердің тиісті ниеті жеткілікті ме деген мәселелер нақтыланбаған. Кейбір елдің заңнамасында контрагенттің өзінің ниеті емес, оның «борышкердің теріс ниеті туралы хабардар болғандығы» туралы тікелей көрсетіледі. Мәселен, Беларусь Республикасының «Төлем қабілетсіздігін реттеу туралы» 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №227-3 заңына сәйкес «егер осы мәмілелермен борышкер кредиторлардың мүдделеріне қасақана зиян келтірсе, ал мәмілелердің басқа тараптары бұл туралы білсе немесе білуі тиіс болса, сот оларды жарамсыз деп тануы мүмкін» делінген [21].

Ресей Федерациясының «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» Заңының 61.2-бабының 2-тармағында былай делінеді: «борышкер кредиторлардың мүліктік құқықтарына зиян келтіру мақсатында жасаған мәмілені төрелік сот жарамсыз деп тануы мүмкін (күдікті мәміле). Бұл туралы екінші тарап, егер ол мүдделі тұлға деп танылса немесе борышкердің кредиторларының мүдделерінің бұзылғаны туралы немесе борышкер мүлкінің төлем қабілетсіздігі немесе жеткіліксіздігі белгілері туралы білсе немесе білуге тиіс болса, білген деп болжанады» [9].

Өзбекстан Республикасының «Дәрменсіздік туралы» Заңының 64-бабына сәйкес: «егер аталған мәмілені орындау нәтижесінде борышкерге және (немесе) кредиторларға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін болған жағдайда, борышкер мүдделі тұлғамен немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъектімен жасаған мәмілені сот басқарушысының өтініші бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін» [22].

Бұл орайда «борышкер мен контрагенттің кредиторларға зиян келтіру ниеті» және «борышкердің кредиторларға зиян келтіру ниеті туралы контрагенттің хабардар болуы» түсініктерін ажырату маңызды. Ресей заңнамасының нормаларын талдау контрагенттің кредиторларға зиян келтіру ниеті талап етілмейді, бірақ борышкердің бұл ниет туралы хабардар болуы дәлелденуі керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, бұл әртүрлі конструкциялар — мысалы, контрагенттің борышкердің кредиторларына зиян келтіру мақсатымен байланысты емес,

өзінің экономикалық мүддесі болуы мүмкін, бірақ сонымен бірге борышкердің мұндай мақсаты бар екенінен де хабардар болуы мүмкін. Контрагенттің хабардарлығы мәміле жасалған кезде орын алуы керек. Тиісінше, егер контрагент шарт жасалған кезде борышкердің мәміле арқылы кредиторларға зиян келтіргісі келетінінен хабардар болды деуіне негіз жоқ екенін дәлелдесе, сот бұл мәмілені жарамсыз деп танудан бас тартуы керек [8].

Алайда, бірыңғай қалыптасқан тәсілдің болмауына байланысты, тәжірибеде контрагенттің борышкердің кредиторларына зиян келтіру мақсаты туралы хабардар болғандығын дәлелдеу қиынға түседі. Сәйкесінше оның борышкердің кредиторларына зиян келтіру мақсаты туралы хабардар болғандығы дәлелденбесе контрагентті адал ниетті қатысушы деп тануға негіз болады. Осы тұрғыда контрагенттің адалдығы деп мәміле жасау кезінде борышкердің қаржылық мәселелері туралы ақпараттан хабары болмағанын түсіну қажет. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, егер контрагент адал болса, оның мүдделері де қорғалуы тиіс екенін заңнамалық деңгейде ескерген жөн.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2022 жылғы I-жартыжылдықта соттар қараған істер бойынша оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолданудың сот практикасына қорытынды жүргізу нәтижесінде былай делінген болатын: «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мәмілені жарамсыз деп тану үшін екі тараптың да жосықсыздығы көзделген, бірақ бұл ретте адал сатып алушы ұғымына жол берілген. «Оңалту және банкроттық туралы» Заңға сәйкес сатып алушының адалдығы маңызды емес. Сондықтан да бұл мән-жайдың Жоғарғы соттың Нормативтік қаулысында түсіндіруді талап етеді» [23].

Осылайша, шетел тәжірибесін ескере отырып субъективті негізде мәмілені жарамсыз деп тану жағдайларын отандық ғылымда егжей-тегжейлі зерттеліп, борышкер мен контрагенттің мәміле арқылы кредиторларға зиян келтіру ниетінің санатына елеулі құқықтық мән берілуі тиіс деп ойлаймыз.

Қорытынды

Сонымен, қорытындылай келе банкроттық туралы заңнама және ондағы мәмілелерді жарамсыз деп тану негіздері ежелгі Рим құқығында қалыптасқан ұғымдар мен институттарға негізделген. Рим құқығын қабылдау арқылы бірқатар мемлекеттің құқық жүйесінде банкроттықтағы мәмілелерді даулау институты құрылды.

Тең емес қарсы орындалған мәмілелерді даулаудың мақсаты — несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру көлемінің төмендеуіне жол бермеу үшін банкроттыққа дейінгі кезеңде борышкерге келтірілетін зиянның алдын алу (борышкердің мүлкін иеліктен шығару немесе банкроттық қарсаңында борышкердің мүліктік массасына пропорционалды құндылық алмай борышкердің берешегін ұлғайту). Бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағының 1-тармақшасындағы «айтарлықтай нашар жағғына қарай өзгеше болуы» түсінігі нақтылануы қажет деп ойлаймыз. Сол арқылы нарықтық құны шамалы ерекшеленетін қалыпты мәмілелерді даулау тәуекелі төмендеп, ол өз алдына азаматтық айналымның тұрақты дамуына оң әсерін тигізеді. Мүліктің нарықтық құны мен шарт бағасы арасындағы айырмашылық белгілі бір проценттік эквивалентпен заңнамада бекітілуі тиіс деген пікірді қолдаймыз.

Банкроттықтағы мәмілелерді даулауда объективті және субъективті теориялардың ерекшеліктері борышкердің кредиторларының құқықтарын қамтамасыз ету дәрежесіне және жалпы азаматтық айналымның тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Объективті тәсілді қолдану кредиторлар үшін қосымша кепілдіктер туғызады, өйткені ол борышкердің мәмілелеріне шағым жасау кезінде олардың дәлелдеу процесін айтарлықтай жеңілдетеді, алайда бұл жағдайда азаматтық айналымның тұрақтылығы біршама зардап шегеді. Субъективті теорияны қолдану арқылы, керісінше, несие берушілердің заңды мүдделерін қорғау дәрежесі төмендейді және азаматтық айналымның тұрақтылығын қорғау жағдайлары артады. Әдебиеттердегі объективті және субъективті теорияны үйлестіріп бірге қолдану керек деген пікір орынды деп ойлаймыз. Бұл жағдай банкроттық рәсімі енгізілген жағдайда борышкердің кредиторлары мен оның контрагенттерінің мәмілелерінің барынша қорғалуына кепілдік беруге мүмкіндік береді.

ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңындағы мәмілені жарамсыз деп тану негіздері объективтілігі және субъективтілігі бойынша жіктеліп, субъективті күдікті мәмілені жарамсыз деп танудағы «борышкер мен контрагенттің мәміле арқылы кредиторларға зиян келтіру ниетінің болуы»,

«борышкердің кредиторларға зиян келтіру ниеті туралы контрагенттің хабардар болуы» жағдайлары және оны дәлелдеу механизмі заңнамада нақтылануы қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Рыков Д.А. Недействительность сделок должника в деле о банкротстве: гражданско-правовые аспекты: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 — «Гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право» / Д.А. Рыков. — Иркутск, 2018. — 185 с.
- 2 Сушкова О.В. Правовые проблемы оспаривания подозрительных сделок в процедурах банкротства: теоретический и практический аспект / О.В. Сушкова // Современные проблемы гражданского права: Материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 70-летию юбилею канд. юрид. наук, вед. науч. сотруд. НИИ частного права Каспийского университета К.В. Мукашевой. — Алматы, 2019. — С. 189–207.
- 3 Прохорский С.В. Паулианов иск как основной способ защиты прав требования конкурсных кредиторов / С.В. Прохорский // Юрист. — 1999. — №1 — С. 23–33.
- 4 Годэмэ Е. Общая теория обязательств / Е. Годэмэ. — М.: Юрид. изд-во Мин-ва юстиции СССР, 1948. — 415 с.
- 5 Телюкина М.В. Механизм *action pauliana* как конкурсно-правовой способ защиты интересов кредиторов / М.В. Телюкина // Материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 90-летию проф. В.Ф. Чигира (4–5 ноября 2014 г.). — Минск: Право и экономика, 2014. — 336 с.
- 6 Карелина С.А. Правовое регулирование несостоятельности (банкротства): учеб.-практ. пос. / С.А. Карелина. — М.: Волтерс Клувер, 2006. — 360 с.
- 7 «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: // <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z1400000176/30.12.2022>
- 8 Телюкина М.В. Проблемы оснований недействительности сделок организации, признанной банкротом, в России и Казахстане [Электронный ресурс] / М.В. Телюкина. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31610310
- 9 Федеральный закон Российской Федерации от 26 октября 2002 г. №127-ФЗ «О несостоятельности (банкротстве)» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=3568
- 10 Постановление Пленума ВАС РФ от 23.12.2010 г. № 63 (ред. от 30.07.2013 г.) «О некоторых вопросах, связанных с применением главы III.1 Федерального закона «О несостоятельности (банкротстве)»». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_109923/
- 11 Шишмарева Т.П. Правовые средства обеспечения эффективности процедур несостоятельности в России и Германии: дис. ... д-ра юрид. наук: 12.00.03 — «Гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право» / Т.П. Шишмарева. — М., 2021. — 485 с.
- 12 Елисеенко А. Стороны совершили неравноценную сделку. Четыре основания, которые помогут ее оспорить [Электронный ресурс] / А. Елисеенко // Цивилистика. — 2018. — № 3. — 162 с. — Режим доступа: <https://privlawjournal.com/storony-sovershili-neravnocennuyu-sdelku-chetyre-osnovaniya-kotorye-pomogut-ee-osporit/>
- 13 Карапетов А.Г. Свобода договора и ее пределы: [В 2 т.]. — Т.1: Теоретические, исторические и политико-правовые основания принципа свободы договора и его ограничений / А.Г. Карапетов, А.И.Савельев. — М., 2012. — С. 103–107.
- 14 Изосимов С. О критерии существенности неравноценности встречного предоставления при конкурсном оспаривании сделок по ч. 1 ст. 61.2 Закона «О банкротстве» [Электронный ресурс] / С. Изосимов. — Режим доступа: https://zakon.ru/blog/2021/11/29/o_kriterii_suschestvennosti_neravnocennosti_vstrechnogo_predostavleniya_pri_konkursnom_osparivanii_s
- 15 Наумов А.Н. Особенности оспаривания сделок в процедуре реализации имущества гражданина, признанного банкротом / А.Н. Наумов, Д.А. Давудов // Актуальные научные исследования в современном мире. — 2020. — Вып. 12 (68). — Ч. 6 — 161 с. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.elibrary.ru/ip_restricted.asp?rpage=https%3A%2F%2Fwww%2Eelibrary%2Eru%2Fitem%2Easp%3Fid%3D44673381.
- 16 Игра в банкротство: старые препятствия и новые правила. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://pravo.ru/story/241491/>
- 17 Копжасарова С.И. Оңалту және банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздері [Электрондық ресурс] / С.И.Копжасарова // Саяси трансформация жағдайындағы мемлекет пен құқықтың қазіргі даму тенденциялары. Халықарал. ғыл.-практ. онлайн/офлайн-конф. материалдары. — Қарағанды: «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2023. — Б. 215-219. — Қолжетімділік тәртібі: <https://rep.ksu.kz/handle/data/15717>
- 18 Оспаривание сделок при банкротстве. Конференция. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://zakon.ru/blog/2019/12/20/osparivanie_sdelok_pri_bankrotstve%C2%A0_konferenciya
- 19 ҚР Жоғарғы сотының сайты. Жеке кабинет. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://office.sud.kz/>
- 20 Кораев К.Б. Правовое положение неплатежеспособного должника / К.Б. Кораев. — СПб.: Астирион, 2016. — С. 72, 73.
- 21 Закон Республики Беларусь от 13 декабря 2022 г. № 227-З «Об урегулировании неплатежеспособности». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=146010

22 Закон Республики Узбекистан от 12 апреля 2022 г. № ЗРУ–763 «О неплатежеспособности». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=139464

23 ҚР Жоғарғы сотының сайты [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://sud.gov.kz/rus/content/obzory-sudebnoy-praktiki>

С.И. Копжасарова

Основания признания недействительными сделок должника при процедуре реабилитации и банкротства

Целью исследования является всесторонний анализ объективных и субъективных подозрительных сделок в рамках оснований для реабилитации и признания недействительными сделок о банкротстве, рассмотрение их исторического аспекта, акцентирование внимания на пробелах в отечественном законодательстве, проведение сравнительного анализа с зарубежным законодательством. Методологическую основу исследования составляют общие и специальные методы, такие как формально-логический, научный анализ и синтез, сравнительно-правовой, историко-правовой. В результате исследования был рассмотрен исторический аспект оспаривания сделки при банкротстве, то есть институты древнеримского права «Actio Pauliana» — Паулианов иск, «Laesio enormis». Проведен правовой анализ положений статьи 7, пункта 2, подпунктов 1) и 3) Закона Республики Казахстан «О реабилитации и банкротстве», а также даны авторские выводы относительно мнений, связанных с понятием «значительно отличается в худшую сторону». Путем проведения сравнительного анализа законодательства о банкротстве Республики Казахстан и Российской Федерации изучены особенности объективных и субъективных подозрительных сделок и приведены примеры из судебной практики. Обсуждены различные взгляды на использование объективных и субъективных теорий при признании недействительными сделок при банкротстве. В заключение высказаны предложения о том, что в целях формирования единой судебной практики необходимо уточнить некоторые понятия в законодательстве Республики Казахстан о банкротстве.

Ключевые слова: оспаривание сделки, недействительная сделка, Паулианов иск, неравноценное встречное исполнение, подозрительная сделка, объективная теория, субъективная теория, цена сделки, имущественная масса.

S.I. Kopzhasarova

Grounds for invalidating the debtor's transactions during the rehabilitation and bankruptcy procedure

The purpose of the study is to comprehensively analyze objective and subjective suspicious transactions within the framework of the grounds for rehabilitation and invalidation of bankruptcy transactions, to consider their historical aspect, to focus on gaps in domestic legislation, to conduct a comparative analysis with foreign legislation. The methodological basis of the research consists of general and separate methods, such as formal-logical, scientific analysis and synthesis, comparative-legal, historical-legal. As a result of the study, the historical aspect of challenging the transaction in bankruptcy was considered, that is, the institutions of ancient Roman law “Actio Pauliana” – Paulian lawsuit, “Laesio enormis”. A legal analysis of the provisions of Article 7, paragraph 2, subparagraphs 1) and 3) of the Law of the Republic of Kazakhstan “On Rehabilitation and Bankruptcy” was carried out, and the author's conclusions were given regarding opinions related to the concept of “significantly different for the worse”. By conducting a comparative analysis of the bankruptcy legislation of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation, the features of objective and subjective suspicious transactions are considered and examples from judicial practice are given. Various views on the use of objective and subjective theories in invalidating bankruptcy transactions are discussed. In conclusion, suggestions are made that in order to form a unified judicial practice, it is necessary to clarify some concepts in the legislation of the Republic of Kazakhstan On bankruptcy.

Keywords: contestation of a transaction, invalid transaction, Paulian lawsuit, unequal counter execution, suspicious transaction, objective theory, subjective theory, transaction price, property mass.

References

- 1 Rykov, D.A. (2018). Nedeistvitelnost sdelok dolzhnika v dele o bankrotstve: grazhdansko-pravovye aspekty [Invalidity of Debtor's Transactions in a Bankruptcy Case: Civil Law Aspects]. *Candidate's thesis*. Irkutsk [in Russian].

- 2 Sushkova, O.V. (2019). Pravovye problemy osparivaniia podozritelnykh sdelok v protsedurakh bankrotstva: teoreticheskii i prakticheskii aspekty [Legal problems of contesting suspicious transactions in bankruptcy proceedings: theoretical and practical aspects]. *Sovremennoe pravo: Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi 70-letnemu yubileiu kandidata yuridicheskikh nauk, vedushchego nauchnogo sotrudnika NII chastnogo prava Kaspiiskogo universiteta K.V. Mukashevoi — Materials of the International Scientific and Practical Conference, dedicated to the 70th anniversary of the candidate of juridical sciences, leading researcher of Research Institute of Private Law of the Caspian University named after K.V. Mukasheva* (pp. 189-207). Almaty [in Russian].
- 3 Prokhorskii, S.V. (1999). Paulianov isk kak osnovnoi sposob zashchity prav trebovaniia konkursnykh kreditorov [Paulian lawsuit as the main way to protect the rights of claims of bankruptcy creditors]. *Yurist — Lawyer*, 1, 23–33 [in Russian].
- 4 Godeme, E. (1948). Obshchaia teoriia obiazatelstv [General Theory of Commitments]. Moscow: Yuridicheskoe izdatelstvo Ministerstva yustitsii SSSR [in Russian].
- 5 Teliukina, M.V. (2014). Mekhanizm *action pauliana* kak konkursno-pravovoi sposob zashchity interesov kreditorov [The mechanism of *action pauliana* as a competition-legal way to protect the interests of creditors]: *Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi 90-letiiu professora V.F. Chigira (4–5 noiabria 2014 goda) — Materials of the International scientific and Practical conference dedicated to the 90th anniversary of Professor V.F. Chigir*. Minsk: Pravo i ekonomika [in Russian].
- 6 Karelina, S.A. (2006). Pravovoe regulirovanie nesostoiatelnosti (bankrotstva): uchebno-prakticheskoe posobie [Legal regulation of insolvency (bankruptcy)]. Moscow: Volters Kluver [in Russian].
- 7 «Onaltu zhane bankrottyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany. 2014 zhylygy 7 nauryzdagy No. 176-V Qazaqstan Respublikasynyn Zany [Law of the Republic of Kazakhstan “On rehabilitation and Bankruptcy” of March 7, 2014 N 176-V.]. (n.d). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> [in Kazakh].
- 8 Teliukina, M.V. Problemy osnovanii nedeistvitelnosti sdelok organizatsii, priznannoi bankrotom, v Rossii i Kazakhstane [Problems of grounds for invalidity of transactions of an organization declared bankrupt in Russia and Kazakhstan] (n.d.). *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31610310 [in Russian].
- 9 Federalnyi zakon Rossiiskoi Federatsii ot 26 oktiabria 2002 goda No 127-FZ «O nesostoiatelnosti (bankrotstve)» [Federal Law of the Russian Federation of October 26, 2002 No. 127-FZ “On Insolvency (Bankruptcy)”] (n.d.). *base.spinform.ru*. Retrieved from https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=3568 [in Russian].
- 10 Postanovlenie Plenuma VAS RF ot 23.12.2010 goda No 63 (redaktsiia ot 30.07.2013 goda) «O nekotorykh voprosakh, svyazannykh s primeneniem glavy III. 1 Federalnogo zakona «O nesostoiatelnosti (bankrotstve)» [Decree of the Plenum of the Supreme Arbitration Court of the Russian Federation of December 23, 2010 N 63 (as amended on July 30, 2013) “On Certain Issues Related to the Application of Chapter III.1 of the Federal Law “On Insolvency (Bankruptcy)””]. (n.d.). *www.consultant.ru*. Retrieved from http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_109923/ [in Russian].
- 11 Shishmareva, T.P. (2021). Pravovye sredstva obespecheniia effektivnosti protsedur nesostoiatelnosti v Rossii i Germanii [Legal means to ensure the effectiveness of insolvency proceedings in Russia and Germany]. *Doctor's thesis*. Moscow [in Russian].
- 12 Eliseenko, A. (2018). Storony sovershili neravnotsennuiu sdelku. Chetyre osnovaniia, kotorye pomogut ee osporit [The parties made an unequal transaction. Four grounds to help challenge it]. *Tsivilistika — Civics*, 3, 162. Retrieved from <https://privlaw-journal.com/storony-sovershili-neravnocennuyu-sdelku-chetyre-osnovaniya-kotorye-pomogut-ee-osporit/> [in Russian].
- 13 Karapetov, A.G., & Savelev, A.I. (2012). Svoboda dogovora i ee predely [Freedom of contract and its limits: Vols. 1-2. Vol. 1]. *Teoreticheskie, istoricheskie i politiko-pravovye osnovaniia printsipa svobody dogovora i ego ogranichenii — Theoretical, historical and political and legal foundations of the principle of freedom of contract and its limitations*. Moscow [in Russian].
- 14 Izosimov, S. O kriterii sushchestvennosti neravnotsennosti vstrechnogo predostavleniia pri konkursnom osparivanii sdelok po chasti 1 stati 61.2 Zakona «O bankrotstve» [On the criterion for the materiality of the unequal value of the counter provision in the competitive contesting of transactions under Part 1 of Art. 61.2 Bankruptcy Law]. Retrieved from https://zakon.ru/blog/2021/11/29/o_kriterii_suschestvennosti_neravnocennosti_vstrechnogo_predostavleniya_pri_konkursnom_osparivanii_s [in Russian].
- 15 Naumov, A.N., & Davudov, D.A. Osobennosti osparivaniia sdelok v protsedure realizatsii imushchestva grazhdanina, priznanogo bankrotom [Features of challenging transactions in the procedure for the sale of property of a citizen declared bankrupt]. *Aktualnye nauchnye issledovaniia v sovremennom mire — Actual scientific research in the modern world*, 12(68). Retrieved from https://www.elibrary.ru/ip_restricted.asp?rpage=https%3A%2F%2Fwww%2Eelibrary%2Eru%2Fitem_%2Easp%3Fid%3D44673381,6,161 [in Russian].
- 16 Igra v bankrotstvo: starye prepiatstviia i novye pravila [The Bankruptcy Game: Old obstacles and new rules]. *pravo.ru*. Retrieved from <https://pravo.ru/story/241491/> [in Russian].
- 17 Kopzhasarova S.I. (2023). Onaltu zhane bankrottyq rasimindegi boryshkerdin mamilelerin zhamsyz dep tanu negizderi [Grounds for invalidating debtor's transactions in rehabilitation and bankruptcy proceedings]. *Saiasi transformatsiia zhagdaiyndagy memleket pen ququtyn qazirgi damu tendentsialary. Khalyqaralyq gylymi-praktikalıy onlain/offlain-konferentsiia materialdary — Modern trends in development of the state and law in the context of political transformation. Materials of the International scientific and practical online/offline conference* (pp. 215-219). Qaragandy: Qaragandy universiteti baspasy. Retrieved from <https://rep.ksu.kz/handle/data/15717> [in Kazakh].
- 18 Osparivanie sdelok pri bankrotstve. Konferentsiia [Challenging transactions in bankruptcy. The conference]. *zakon.ru/blog*. Retrieved from https://zakon.ru/blog/2019/12/20/osparivanie_sdelok_pri_bankrotstve%C2%A0konferentsiya [in Russian].
- 19 Qazaqstan Respublikasy Zhogargy sotynyn saity. Zheke kabinet [Website of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan]. *office.sud.kz*. Retrieved from <https://office.sud.kz/> [in Kazakh].

20 Koraev, K.B. (2016). Pravovoe polozhenie neplatezhesposobnogo dolzhnika [Legal status of an insolvent debtor]. — Saint Petersburg: Astirion [in Russian].

21 Zakon Respubliki Belarus ot 13 dekabria 2022 goda No. 227-Z «Ob uregulirovanii neplatezhesposobnosti» [Law of the Republic of Belarus dated December 13, 2022 No. 227-Z “On the settlement of insolvency”]. (n.d.). *base.spinform.ru*. Retrieved from https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=146010 [in Russian].

22 Zakon Respubliki Uzbekistan ot 12 apreliya 2022 goda No. ZRU-763 «O neplatezhesposobnosti» [Law of the Republic of Uzbekistan dated April 12, 2022 No. ZRU-763 “On insolvency”]. (n.d.). *base.spinform.ru*. Retrieved from https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=139464 [in Russian].

23 Qazaqstan Respublikasy Zhogargy sotynyn saity [Website of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan]. *sud.gov.kz*. Retrieved from <https://sud.gov.kz/rus/content/obzory-sudebnoy-praktiki> [in Kazakh].

Букеетов Университети